


***Грант конкурсында 4
таңдауды қалай жасау
керек?***

EduCon



Маңызды ақпараттар

Гранттар 2019 жылдан бастап білім беру бағдарламаларына бөлінеді

Ауыл квотасына ешқандай балл қосылмайды. 70% / 30%

Гранттар қазақ немесе орыс тобы болып бөлінбейді.

Ielts сертификаты бар оқушыға ағылшын пәніне 45 балл автоматты түрде қойылады.

6.0

Статистика

2020 жылы:

90 баллдан асырған – 1327 бала грантқа түспеді

100 баллдан асырған – 347 бала грантқа түспеді

110 баллдан асырған – 39 бала грантқа түспеді

Ең маңыздысы грант конкурсында 4 таңдаудан қателеспеу керек.



Гранттар

- Жалпы грант***
- Мақсатты
грант***
- Серпін гранты***
- Әкімдік грант***

Жалпы грант



Кім бөледі?

Мемлекет тарапынан, республикалық бюджеттен беріледі.

Педагогикалық квота

2020 – 2021 оқу жылына педагогикалық квота аясында 19 ББТ бойынша 18 ЖОО–ға 3495 грант бөлінді.

Жалпы конкурс пен педагогикалық квота бойынша білім беру грантын тағайындау бөлек жүргізіледі.

Мысал, егер Сіз жалпы конкурс бойынша өтпей қалсаңыз, онда педагогикалық квота бойынша конкурсқа автоматты түрде қатысасыз, егер Сіз таңдаған ББТ сол ЖОО –да болған жағдайда.

Медициналық квота

2020 – 2021 оқу жылына медициналық квота аясында С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне 500 грант бөлінді.

Жалпы конкурс пен медициналық квота бойынша білім беру грантын тағайындау бөлек жүргізіледі.


Мысал, егер Сіз жалпы конкурс бойынша өтпей қалсаңыз, онда медициналық квота бойынша конкурсқа автоматты түрде қатысасыз.

Мысал:

Мейрамбек

Физ - Мат


110 балл

- 1) Ақпараттық технологиялар SDU
 - 2) Ақпараттық технологиялар ЕНУ
 - 3) Ақпараттық технологиялар АТУ
 - 4) Ақпараттық технологиялар АУЭС
- 

Мейрамбек

Физ - Мат

110 балл

- 1) Ақпараттық технологиялар SDU
 - 2) Басқа білім беру бағдарламасы
 - 3) Басқа білім беру бағдарламасы
 - 4) Басқа білім беру бағдарламасы
- 

Себеі бұл университеттер жалпы конкурсқа қатысады. Бұл жағдайда бірдей білім беру бағдарламасын жазуға болмайды!



Мысал:

Мейрамбек

Биология-Химия

110 балл

- 1) Жалпы медицина Астана
- 2) Жалпы медицина Қарағанды
- 3) Жалпы медицина Ақтөбе
- 4) Жалпы медицина Семей

Себеі бұл университеттер жалпы конкурсқа қатысады. Бұл жағдайда бірдей білім беру бағдарламасын жазуға болмайды!



Мысал:

Мейрамбек


Биология-Химия

110 балл

- 1) Жалпы медицина Асфендияров
- 2) Жалпы медицина Қарағанды
- 3) Биология мұғалімдерін даярлау
- 4) Химия мұғалімдерін даярлау



Себеі екі медицина жазуға болады. Асфендияровқа медициналық квота бөлінеді. Ал 3 пен 4-ке әр түрлі білім беру бағдарламасын жаздық.



Мысал:

Мейрамбек

Физ - Мат

110 балл

- 1) Математика мұғалімдерін даярлау СДУ
- 2) Математика мұғалімдерін даярлау ЕНУ
- 3) Математика мұғалімдерін даярлау АГУ
- 4) Математика мұғалімдерін даярлау ҚазГУ

Себебі бұл гранттар университет өзіне бөлінетін болғандықтан, бірдей білім беру бағдарламасын жазуға болады.



Мысал:

Мейрамбек

Биология-Химия

110 балл

- 1) Биология мұғалімдерін даярлау Жұбанов
- 2) Биология мұғалімдерін даярлау ТарГПУ
- 3) Биология мұғалімдерін даярлау ПГПУ
- 4) Биология мұғалімдерін даярлау КарГУ



Себебі бұл гранттар университет өзіне бөлінетін болғандықтан, бірдей білім беру бағдарламасын жазуға болады.



Педагогикалық квота

- 1) «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 2) «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 3) «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 4) «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 5) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 6) «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 7) «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 8) «Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 9) «Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 10) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 11) «Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 12) «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы



Педагогикалық квота

- 1) «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 2) «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 3) «Тараз педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 4) «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті» мекемесі
- 5) «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
- 6) «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы



Педагогика және медицина білім беру бағдарламасына түсу үшін арнайы емтихан тапсырады. Оның уақыты 20 маусым мен 24 тамыз аралығы.

- 1) V084 Мейірбике ісі**
- 2) V086 Жалпы медицина**
- 3) V087 Стоматология**
- 4) V088 Педиатр**



Мақсатты грант



Қай ЖОО-ға бөлінеді?

**Astana IT.
(емтихан)**

ХАТУ

ҚБТУ

Мақсатты грант – бұл ҚР БжҒМ белгілі жоғары оқу орындарына бөлетін шәкіртақысы бар мемлекеттік грант.

Мақсатты грантқа қалай ие болуға болады?

Сізге түсіп оқығыңыз келетін жоғары оқу орнына құжаттар түпнұсқасын (ҰБТ сертификаты мен қосымшасымен бірге аттестат) тапсыру қажет. ҚБТУ-да сіз ХАТУ және Astana IT университетін белгілей алмайсыз. Ол жоғары оқу орындарында да ҚБТУ-ды белгілей алмайсыз. Сондықтан сізге қайда оқығыңыз келетінін алдын ала шешу қажет. ҚР-дың өзге ЖОО-ын барлық университеттерде белгілей аласыз.

Мақсатты грант несімен ерекшеленеді?

Мақсатты грант ЖОО-на беріледі, сондықтан егер сіз грантқа ие болғаннан кейін сол грантпен ауысқыңыз келсе, грант өзге кез келген жоғары оқу орнына ауыспайды.



Мысал:

Айбек

Физика-Математика

100 6

- 1) Ақпараттық технологиялар ХАТУ
- 2) Ақпараттық технологиялар ҚБТУ
- 3) Ақпараттық технологиялар Astana IT
- 4) Ақпараттық технологиялар SDU

*Себебі ХАТУ-ды таңдағаннан кейін, сіз ҚБТУ және Astana IT университетін белгілей алмайсыз. Өздерінің сондай шарттары бар. Түскіңіз келген университетті бірінші жазу керек **мақсатты грантта**.*



Мысал:

Айбек

Физика-Математика

100 балл

- 1) Ақпараттық технологиялар ХАТУ
- 2) Ақпараттық технологиялар SDU
- 3) Басқа білім беру бағдарламасы
- 4) Басқа білім беру бағдарламасы



*Себебі мақсатты грантты бірінші таңдап болғаннан кейін,
ҚР-ның өзге барлық ЖОО-ын белгілей аласыз.*



Серпін гранты



Аталған гранттың саны жалпы білім беру грант санының **10%** құрайды. Бұл грантқа келесі аймақтардағы ауыл мектептерінің түлектері қатыса алады.

Алматы, Жамбыл, Түркістан, Маңғыстау, Қызылорда облыстары

Серпін грантына үміткер талапкер конкурс кезінде бірнеше ББТ қайталап жаза алады немесе әр түрлі ББТ жазып қатыса алады.

Әкімдік грант



Аталған грант жергілікті атқарушы органдарымен тағайындалатындықтан, аудандағы/қаладағы аудандық/қалалық әкімдікке хабарласу қажет.

Әкімдік грант

Құжаттарды қабылдау **5-15 тамыз** аралығы.

Құжаттарды конкурсқа тапсырған кезде талапкер **4** жоғары оқу орнын және **4** білім беру бағдарламаларын таңдай алады, бірақ олар **бір облыста*** болуы керек

* егер облыс әкімдігі басқа өңірлердегі ЖОО – да гранттарын таратпаған жағдайда.



Әкімдік грант



Конкурс барысында грант бөлінген *кез-келген облыстағы ЖОО-да* қатысуға болады. Грант ұтып алған жағдайда, оқу аяқталған соң *дәл сол аймақта жұмыс істеп, өтеу қажет.*

Шығармашылық емтихан



Шығармашылық емтихан

Қазақстан тарихы 15 балл

Оқу сауаттылығы 20 балл

Шығармашылық емтихан 45 балл

Шығармашылық емтихан 45 балл

Шығармашылық емтиханға документ тапсыру 20 маусымнан 7-ші шілдеге дейін

Шығармашылық емтихан тапсыру уақыты 8-ші шілдеден 13-ші шілдеге дейін

Шығармашылық емтихан тапсырған талапкерлер білім грантын алу үшін тек қана бір мамандықты және шығармашылық емтихан тапсырған оқу орнын ғана таңдай алады.

Сондықтан, құжат тапсырар алдында осы ерекшелікті ескеріп, мұқият болу керек.



Шығармашылық мамандықтары

- 1) *Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау*
- 2) *Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау*
- 3) *Музыка мұғалімдерін даярлау*
- 4) *Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау*
- 5) *Орындаушылық өнер*
- 6) *Дирижерлеу және композиция*
- 7) *Театр өнері*
- 8) *Хореография*
- 9) *Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс*
- 10) *Бейнелеу өнері*
- 11) *Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны*
- 12) *Дінтану және теология*
- 13) *Журналистика және репортер ісі*
- 14) *Сәулет*



Мамандықтардың шекті баллдары

2021 жылы грант конкурсына қатысу үшін де, ақылы оқуға түсу үшін де:

«Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша кемінде 75 балл;

«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» саласы бойынша кемінде 70 балл;

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», "Ветеринария» білім беру салалары бойынша кемінде 60 балл;

Қалған мамандықтар бойынша кемінде 50 балл жинау керек.

Университеттер бойынша:

Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 65 балл, ал басқа жоғары оқу ұйымдарына кемінде 50 балл қажет.

Әр жоғары оқу орны өздері шектік балл бекіте алады.



Мысал:

Сулейман Димерел университетінің биылғы шекті баллдары:

Инженер факультетіне түсу үшін шектік балл: 85

Екі шет тіліне түсу үшін шектік балл: 95

Қалған мамандықтарына шектік балл: 50



Грант конкурсына қажетті құжаттар

Жеке куәліктің көшірмесі

Аттестат (түпнұсқа)

ҰБТ сертификаты (түпнұсқа)

Медициналық справка 086У

Медициналық справка 063У

Фото 3x4 (6 штук)

***Белгіленген үлгідегі бланкке жазылған
өтініш***

Приписное свидетельство (военкомат)



Балдары тең болған жағдайда ескерілетін басым құқық бойынша ескерту:

АБ – "Алтын белгі" белгісімен марапатталған адамдар;

ПжБАҰ - патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған адамдардың;

ТжКБ – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;

ҒЖ – өздері таңдаған білім беру бағдарламалары топтары конкурстың пәніне сәйкес келген жағдайда, тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ ағымдағы оқу жылындағы республикалық ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары;

ОЖ – өздері таңдаған білім беру бағдарламалары топтары олимпиадалардың пәніне сәйкес келген жағдайда, тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы



СЖ – өздері таңдаған білім беру бағдарламалары топтары спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын халықаралық және республикалық спорттық жарыстардың соңғы үш жылдағы жеңімпаздары;

Мүгедек – бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, бала күнінен мүгедек, мүгедек-балалар;

Жетім – жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар;

ҰОС – жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Үздік – үздік.



Назарларыңызға рақмет!



Білім беру бағдарламасы

Мысал:

В057 – Ақпараттық технологиялар

- 1) Информатика
- 2) Ақпараттық жүйелер
- 3) Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету
- 4) Математикалық және компьютерлік пішіндеу

СД
у

